

Жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 2 наурыздағы № 167 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18 - бабына, 69 – бабының 4 - тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31 - бабына сәйкес Қостанай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Султыгова Айна Магометовнаға жер учаскесіне газ құбыры мен шкафтың газ реттеу пунктін салу үшін, Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Жамбыл ауылдық округінің аумағында орналасқан жалпы ауданы 0,0104 гектар қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберілсін.

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қостанай ауданы әкімдігінің интернет ресурсында орналастырылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Таукенов